

- қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
13-қосымша

**Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған
«Әдебиеттік оқу» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ
тілінде)**

Түсінік хат

«Әдебиеттік оқу» оқу пәнінің оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35670 болып тіркелген).

«Әдебиеттік оқу» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Әдебиеттік оқу» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны бастауыш білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, оқу-танымдық, зерттеушілік, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағдарланады.

«Әдебиеттік оқу» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың оқу дағдылары мен оқырмандық сауаттылықтарын қалыптастыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

«Әдебиеттік оқу» оқу пәнінің міндеттері:

- 1) дауыстап және іштей оқуды түрлі формада қолдану арқылы оқу сапасын (дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп) жетілдіру;
- 2) белгілі бір мақсатқа сай оқу түрлерін тиімді қолдану;
- 3) әдеби көркем шығарманы сезіммен қабылдап түсіну;
- 4) оқыған шығарма бойынша өзіндік пайымдау жасау;
- 5) алған білімін қарым-қатынас жасау жағдаяттарына тиімді пайдалану;

6) көркем шығармаларға қарапайым талдау жасау, мәтіндегі сөз қолданыстарының бейнелік ерекшеліктерін ашу;

7) көркем сөйлеуге үйрету, сөздік қорларын арттыру;

8) оқылған шығарма сюжетінің ізімен немесе еркін тақырыпта ауызша, жазбаша шығармашылық жұмыс түрлерін орындау;

9) әртүрлі жанрдағы шығармаларды оқыту барысында ұлттық, әлемдік мәдениетпен таныстыру;

10) отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерін оқыту арқылы ана тіліне, тарихына, дәстүріне құрметпен қарау, ұлттық сана-сезім мен құндылық бағдар қалыптастыруға, көркемдік-эстетикалық талғам мен тұлғалық қасиеттерді дамытуға жағдай жасау.

Білім алушыларға білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушының мінез-құлқы мен іс әрекетін ынталандыратын, үнемі тұлғалық бағдары болатын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған «тәуелсіздік және патриотизм», «бірлік пен ынтымақтастық», «әділдік пен жауапкершілік», «заң және тәртіп», «еңбекқорлық және кәсіпқойлық», «жасампаздық және жаңашылдық» сияқты базалық құндылықтар білім алушылардың рухани терең азамат болып қалыптасуына көмектеседі.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді

1 параграф . «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру

1. «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 2-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

2) 3-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

3) 4-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

2. Оқу дағдыларын қалыптастырудың нормалары:

1) оқу дағдыларын сыныптар бойынша қалыптастырудың міндетті деңгейі:

2-сыныптың I жартыжылдық соңында минутына 40-50 сөз, II жартыжылдық соңында 50-60 сөз; 3-сыныптың I жартыжылдық соңында минутына 60-70 сөз, II жартыжылдық соңында 70-80 сөз; 4-сыныптың I жартыжылдық соңында минутына 80-90 сөз, II жартыжылдық соңында 90-105 сөз.

2) оқу дағдыларын сыныптар бойынша қалыптастырудың мүмкіндік деңгейі: 2-сыныптың I жартыжылдық соңында минутына 50-60 сөз, II жартыжылдық соңында 60-70 сөз; 3-сыныптың I жартыжылдық соңында минутына 70-80 сөз, II жартыжылдық соңында 80-90 сөз; 4-сыныптың I жартыжылдық соңында минутына 90-100 сөз, II жартыжылдық соңында 100-120 сөз.

Ескерту: шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

3. Мазмұндама мен шығарма жұмысының көлемі мен саны

Жұмыс түрі	Мазмұндама					Шығарма				
Сынып / тоқсан	I	II	III	IV	Көлемі	I	II	III	IV	Көлемі
2-сынып	1	1	1	1	40-60	-	-	1	1	25-35
3-сынып	1	1	1	1	60-80	1	1	1	1	35-55
4-сынып	1	1	1	2	80-100	1	1	1	2	55-70

4. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімдеуді көздейді.

2 параграф. Оқу пәнінің мазмұны

5. Оқу пәнінің мазмұны Стандартта берілген құндылықтар мен мазмұндық концептілерге (адам, ар-ождан, намыс, отбасы, Отан, тіл, мәдениет, білім, еңбек, табиғат) бағдарланады және солардың негізінде білім мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ететін тақырыптар жүйесі түзіледі. Тақырыптар жүйесі білім алушының жас ерекшелігіне сәйкес, қарапайымнан күрделіге қарай іріктеледі.

6. «Әдебиеттік оқу» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны

2-сыныптың білім мазмұнын ауыз әдебиеті үлгілері, әлемдік және қазақ балалар әдебиеті көрнекті өкілдерінің шығармалары, ғылыми-танымдық шығармалар құрайды. Тандалған мәтіндердің көркемдік әлемі білім алушының ар-ұят, намысын оятуға, отбасы мен Отанға сүйіспеншілік, қазақ тілі мен туған еліне құрмет, табиғатқа қамқорлық сезімін тәрбиелеуге, қоғамда қарым-қатынас жасауға, әлеуметтенуге, өз халқының және әлем халықтарының мәдениетіне құрмет көрсетуге, өз әрекеті үшін жауапкершілігін ұғынуына, адамгершілік сапаларын дамытуға бағытталады.

1) ауыз әдебиеті үлгілерінен: балаларға арналған өтірік өлеңдер, төрт-түлік жырлары (төрт түлік туралы өлеңдер, жан-жануарлар айтысы); бесік жыры; Наурыз жыры; ертегілер: хайуанаттар жайындағы ертегілер мен қиял-ғажайып оқиғалы ертегілер; аңыздар; мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар (әр түрлі тақырыптағы);

2) жазба әдебиеті үлгілерінен ұсынылатын көрнекті ақын-жазушылардың шығармалары (өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері) 200 сөзден аспауы тиіс. Осы қатарда қазіргі балалар әдебиетіне қатысты кейінгі 5 жылда өткен республикалық әдеби байқаулардан үздік шыққан жас қаламгерлердің заманауи шығармалары қамтылады. Атап айтқанда, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, Ө. Тұрманжанов, С. Бақбергенов, М. Әлімбаев, Б. Соқпақбаев, Б. Ысқақов,

С. Сарғасқаев, Ә. Дүйсенбиев, Ж. Смақов, Ж. Кәрбозин, О. Әубәкіров, Т. Молдағалиев, Қ. Мырза Әли, М. Мақатаев, Ф. Оңғарсынова, Қ. Баянбай, А. Асылбеков, Е. Өтетілеуов, Е. Ерботин, Қ. Жұмағалиев, Ш. Смаханұлы, Ә. Табылдиев, Б. Кірісбаев, Е. Елубай, С. Қалиев, М. Айымбетовтың өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері және балаларға арнап жазылған шығармалардан өткізіліп жүрген байқау жүлдегерлерінің туындылары (соңғы бес жылдағы);

3) әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің озық шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілері;

4) ғылыми-танымдық шығармалар: өмірбаян, естелік, мақала (аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы);

5) әдеби-теориялық білім:

әдеби шығарманың жанры бойынша: халық ауыз әдебиеті үлгілері (ертегі, өтірік өлеңдер, жыр, жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар) туралы қарапайым мағлұматтар; өлең, өлеңнің ұйқасы, түрлері: табиғат лирикасы, азаматтық лирика, мысал туралы практикалық тұрғыда түсініктер;

көркем шығарманың құрылымы бойынша: негізгі ой, басталуы, жалғасуы, аяқталуы туралы қарапайым мағлұмат, шығарманың тақырыбы мен идеясы туралы практикалық тұрғыда түсініктер;

көркем шығармадағы кейіпкер бейнесі бойынша: портрет, диалог, монолог, мінездеу туралы практикалық түрде түсініктер;

көркем шығарманың тілі бойынша: эпитет, теңеу, кейіптеу туралы практикалық түрде түсінік; өлеңнің ұйқасқа құрылатыны, ақынның көңіл-күйі туралы түсінік (өлең түрлері: табиғат лирикасы, арнау өлеңдер, мысал өлеңдер, сықақ өлеңдер және т.б.), эпитет, теңеу, кейіптеу жөнінде практикалық түрде түсінік, мәтін түрлері, мәтіндегі негізгі ой туралы қарапайым мағлұмат;

б) мәтінмен жұмыс: шығарманы дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу; шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу; шығарманың мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру; шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау; шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау; өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу; қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан табу; шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау; мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын мен аяқталуын анықтау; мәтінді әңгімелеу; мәтін кейіпкерлерін атау; кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау; мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау; сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі, кестеге салу, көркем шығарма үзіндісін басқа өнер туындысымен (музыка, бейнелеу) нұсқасымен салыстыру; сөздік жұмысын жүргізуге қатысу, түсіндірілетін сөздермен жұмыс; жазбаша шығармашылық жұмыстар жүргізу: шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар құрастыру, сурет, тірек-сызба, фотосуреттер пайдаланып, шығармашылық жұмыс жасау;

7) оқу дағдысы: шығарманы іштей саналы түрде түсініп оқу. Көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, комментарий жасап, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу.

7. «Әдебиеттік оқу» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны

3-сыныптың білім мазмұнын ауыз әдебиеті үлгілері, әлемдік және қазақ балалар әдебиеті көрнекті өкілдерінің шығармалары, ғылыми-танымдық шығармалар құрайды. Таңдалған мәтіндердің көркемдік әлемі білім алушының ар-ұят, намысын оятуға, отбасы мен Отанға сүйіспеншілік, қазақ тілі мен туған еліне құрмет, табиғатқа қамқорлық сезімін тәрбиелеуге, қоғамда қарым-қатынас жасауға, әлеуметтенуге, өз халқының және әлем халықтарының мәдениетіне құрмет көрсетуге, өз әрекеті үшін жауапкершілігін ұғынуына, адамгершілік сапаларын дамытуға бағытталады.

1) ауыз әдебиеті үлгілерінен: ертегілер, аңыз әңгімелер, бата, мысалдар, шешендік сөздер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, нақыл сөздер;

2) жазба әдебиеті үлгілерінен осы жастағы балалардың түсінігі мен қабылдауына лайықты классик және көрнекті ақын-жазушылардың, сондай-ақ балаларға арнап жазылған шығармалардан өткізіліп жүрген байқау жүлдегерлерінің туындылары (соңғы бес жылдағы) қамтылады. Атап айтқанда, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ж. Жабаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, І. Жансүгіров, М. Әуезов, А. Тоқмағамбетов, С. Бегалин, Ө. Тұрманжанов, М. Иманжанов, С. Бәкбергенов, М. Әлімбаев, Б. Соқпақбаев, Б. Ысқақов, С. Сарғасқаев, Ә. Дүйсенбиев, Ж. Смақов, Ж. Кәрбозин, О. Әубәкіров, Т. Молдағалиев, Қ. Мырза Әли, М. Мақатаев, Ф. Оңғарсынова, Қ. Баянбай, А. Асылбеков, Е. Өтетілеуов, Е. Ерботин, Қ. Жұмағалиев, Ш. Смаханұлы, Ә. Табылдиев, Ө. Қанахин, Б. Кірісбаев, Е. Елубай, С. Қалиев, М. Айымбетовтың әңгімелері, өлең-жырлары, ертегі-мысалдары және

Қазақстан Жазушылар Одағы жариялаған балалар әдебиетінің республикалық байқауы жүлдегерлерінің туындылары (соңғы бес жылдағы).

3) ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, естелік, өмірбаян, тыйым сөздер, ырымдар;

4) әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің озық шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілері;

5) әдеби-теориялық білім:

әдеби шығарманың жанры бойынша: халық ауыз әдебиеті үлгілері (ертегі, жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, бата, аңыз, шешендік сөздер) туралы ұғымдар; өлең, өлеңнің ұйқасы, түрлері: табиғат лирикасы, азаматтық лирика, мысал туралы түсініктерді дамыту;

көркем шығарманың құрылымы бойынша: негізгі ой, басталуы, жалғасуы, дамуы, аяқталуы туралы мағлұмат, шығарманың тақырыбы мен идеясы туралы қарапайым түсініктер.

көркем шығармадағы кейіпкер бейнесі бойынша: портрет, диалог, монолог, мінездеу туралы қарапайым түсініктер;

көркем шығарманың тілі бойынша: эпитет, теңеу, кейіптеу туралы түсініктер;

б) мәтінмен жұмыс: шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу; көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау; қолдануға (практикалық) және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру; кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау; көркем шығарма үзіндісін басқа өнер туындысымен (музыка, бейнелеу) нұсқасымен салыстыру, шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, отандық мультфильмдерден нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру; шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау; сахналау, мәтіннен немесе мәтін бөлімдерінен түйін сөздерді көрсету; түйін сөздер мен негізгі ой арасындағы байланысты орнату; сөздіктермен жұмыс жасау; шығармашылық жұмыстар: шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу;

7) оқу дағдысы: шығарманы іштей саналы түрде түсініп оқу. Көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, комментарий жасап, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу.

8. «Әдебиеттік оқу» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны

4-сыныптың білім мазмұнын ауыз әдебиеті үлгілері, әлемдік және қазақ балалар әдебиеті көрнекті өкілдерінің шығармалары, ғылыми-танымдық шығармалар құрайды. Таңдалған мәтіндердің көркемдік әлемі білім алушының ар-ұят, намысын оятуға, отбасы мен Отанға сүйіспеншілік, қазақ тілі мен туған еліне құрмет, табиғатқа қамқорлық сезімін тәрбиелеуге, қоғамда қарым-қатынас жасауға, әлеуметтенуге, өз халқының және әлем халықтарының мәдениетіне құрмет көрсетуге, өз әрекеті үшін жауапкершілігін ұғынуына, адамгершілік сапаларын дамытуға бағытталады.

1) ауыз әдебиеті үлгілерінен: батырлар жырынан үзінділер, аңыз әңгімелер мен қиял-ғажайып оқиғалар, шешендік сөздер, ертегілер, мысалдар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар;

2) жазба әдебиет үлгілерінен: Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ж.Жабаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, С. Дөнентаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Бегалин, А. Тоқмағамбетов, Ө. Тұрманжанов, М. Иманжанов, М. Әлімбаев, Т. Молдағалиев, С. Бакбергенов, Б. Соқпақбаев, Б. Ысқақов, С. Сарғасқаев, Ө. Дүйсенбиев, Қ. Мырза Әли, Ж. Смақов, Ж. Кербозин, О. Әубәкіров, М. Мақатаев, Ф. Оңғарсынова, Қ. Баянбай, А. Асылбеков, Е. Өтетілеуов, Е. Ерботин, Ө. Табылдиев, С. Қалиев, Қ. Жұмағалиев, Ш. Смаханұлы, Ө. Қанахин, Б. Кірісбаев, Е. Елубай, М. Айымбетовтың әңгімелері, өлең-жырлары, ертегі-мысалдары және балаларға арнап жазылған шығармалардан өткізіліп жүрген байқау жүлдегерлерінің туындылары (соңғы бес жылдағы) ұсынылады;

3) ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, естелік, өмірбаян, күнделік (аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары,

адамзат сырлары, техника жетістіктері, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы);

4) әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің озық шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілері;

5) әдеби-теориялық білім:

әдеби шығарманың жанры бойынша: халық ауыз әдебиеті үлгілері (ертегі, жыр, жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, шешендік сөздер) туралы түсініктерді дамыту, батырлар жыры туралы мағлұмат; өлең, өлеңнің ұйқасы, түрлері: табиғат лирикасы, азаматтық лирика, фантастикалық шығарма, естеліктер туралы түсініктер;

көркем шығарманың құрылымы бойынша: шығарманың тақырыбы мен идеясы, сюжеті, композициясы туралы қарапайым түсініктер;

көркем шығармадағы кейіпкер бейнесі бойынша: портрет, диалог, монолог, мінездеу туралы қарапайым түсініктер;

көркем шығарманың тілі бойынша: эпитет, теңеу, кейіптеу, әсірелеу, қайталау туралы қарапайым түсінік;

6) мәтінмен жұмыс: мәтін бойынша автордың көзқарасына өз пікірін білдіру, шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру, шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу, шығарманың құрылымын (сюжеттің басталуы, жалғасуы, аяқталуы) анықтау, өлеңдерге сай ырғақты таңдай білу, сөздіктерге сүйене отырып, сөздердің мағынасын түсіндіру, жазушы тіліне назар аудару, көркем сөздерді қолдану, эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру, көркем шығарманы басқа үлгідегі басқа өнер туындысымен (музыка, бейнелеу) нұсқасымен салыстыру, түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу, тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету, «автормен диалог» жүргізу, оқыған шығарманың басты ойын өздігінен тұжырымдау, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланысты орнату, оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып жоспар құру, негізгі ойды тұжырымдау, оны мәтін атауымен сәйкестендіру, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау, шығарма кейіпкерлерінің образын сезіне отырып, рөлге бөліп оқу, шығармашылық жұмыс: таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, дайын ұйқасқа өлең жазу, кейіпкерлерге мінездеме беру;

7) оқу дағдысы: шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, комментарий жасап, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

9. Үлгілік оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

Оқу мақсаттары білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, оқу-танымдық, зерттеушілік, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағдарланады.

10. Оқу мақсаттары:

1) тыңдалым және айтылым:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	Тыңдалым және айтылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру	3.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша жетекші сұрақтарға жауап беру	4.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру және жауап беру
1.2 Шығарманы әңгімелеу	2.1.2.1 шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен әңгімелеу, үзіндісін әңгімелеу, сахналау	3.1.2.1 шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай әңгімелеу, сахналау	4.1.2.1 шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, қысқаша, толық әңгімелеу
1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау	2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау	3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау	4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, себебін түсіндіру

1.4 Тыңдарманың назарын аударту	2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал- мәтелдерді, ым-ишара тілдік құралдарды қолдану	3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал- мәтелдерді, нақыл сөздерді, өлең жолдарын, ым- ишара тілдік құралдарды қолдану; 3.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдану	4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал- мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді ым- ишара тілдік құралдарды қолдану; 4.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану, АКТ, ЖИ мүмкіндіктерін пайдаланып презентация, бейнеролик жасау
1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу	3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем- бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу	4.1.5.1 өз ойы мен сезімін, көзқарасын өмірде болған немесе өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып айту

2) оқылым:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Оқу түрлерін қолдану	2.2.1.1 шығарманы дауыстап, дұрыс әрі түсініп, рөлге бөліп, шапшаң әрі мәнерлеп оқу; 2.2.1.2 шығарманы	3.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп/комментарий жасап, рөлге бөліп/мәнерлеп, теріп оқу;	4.2.1.1 шығарманы дауыстап/түсініп, рөлге бөліп/ мәнерлеп, талдап оқу; 4.2.1.2 шығарманы

	іштей, қажетті ақпараттарды белгілеп оқу	3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу	іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу
2.2 Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сұрақтар қою және оның жауабын шығармадан табу	3.2.2.1 мұғалімнің көмегімен алған білімін өмір жағдаяттарына байланысты қолданып, бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру	4.2.2.1 алған білімін өмір жағдаяттарына байланысты қолданып, бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	2.2.3.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді табу	3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу	4.2.3.1 шығарманың тақырыбын және негізгі ойды анықтау және мәтіннен нақты дәйектер келтіре отырып дәлелдеу
2.4 Әдеби шығарманың жанрын ажырату	2.2.4.1 ертегі, өтірік өлеңдер, жыр, жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштардың жанрлық ерекшеліктерін ажырата білу	3.2.4.1 өлең, мысал, нақылсөз, аңыз, бата, әңгіме, шешендік сөздердің жанрлық ерекшеліктерін ажырата білу	4.2.4.1 аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін ажырату
2.5 Шығарманың құрылымын анықтау	2.2.5.1 мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуы мен аяқталуын анықтау	3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау	4.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау
2.6 Кейіпкерлердің іс - әрекетін бағалау	2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-кұлқы мен іс-	3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті мен мінез-кұлқының	4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-кұлқының өзгеру

	әрекетін бағалау	өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау	себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау, өзіндік пайымдау жасау
2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау	2.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдеуіш құралдарды (теңеу,эпитет, кейіптеу) практикалық тұрғыдан тану	3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдеуіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу	4.2.7.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, кайталау, әсірелеу) табу және оларды қолдану
2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру	2.2.8.1 мұғалімнің көмегімен сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау; 2.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка, бейнелеу) нұсқасымен салыстыру, сұрақтар қою, алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасау	3.2.8.1 эпизодтарды салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау; 3.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка, бейнелеу) нұсқасымен салыстыру, сұрақтар қою, алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасау	4.2.8.1 эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру; 4.2.8.2 көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка,бейнелеу) нұсқасымен салыстыру, сұрақтар қою, алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасау
2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.9.1 сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгіге, кестеге салу	3.2.9.1 шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, отандық мультфильмдерден нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру	4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу, тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету

3) жазылым:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	Жазылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Шығарманың жоспарын құру	2.3.1.1 мұғалімнің көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру	3.3.1.1 оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру	4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға желісін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру
3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу	2.3.2.1 мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар құрастырып жазу, дайын өлең жолдарын қатыстырып, шумақтар құрастыру, мақал- мәтелдерді жалғастырып жазу, жазу дағдыларын жетілдіруде жасанды интеллект құралдарын пайдалану	3.3.2.1 шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту...), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу, жасанды интеллект құралдарын пайдалану	4.3.2.1 жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу
3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну	2.3.3.1 мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер пайдаланып, шығармашылық жұмыс жазу	3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну	4.3.3.1 шығармашылық жұмысын сызба, диафильм, презентация түрінде ұсыну

3.4 Қатені табу және түзету	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзетуде жасанды интеллекті қолдану	3.3.4.1 өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзетуде жасанды интеллекті қолдану	4.3.4.1 өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзетуде жасанды интеллекті қолдану
-----------------------------	---	---	---

Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 3.2.1.1. кодында: «3» – сынып, «2.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

11. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

12. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға (оқыту қазақ тілінде) сәйкес іске асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар (оқыту қазақ тілінде)

1) 2-сынып:

Ортақ тақырыптар	Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1. Менің отбасым және достарым	1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру
	1.2 Шығарманы әңгімелеу	2.1.2.1 шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен әңгімелеу, үзіндісін әңгімелеу, сахналау
	1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау	2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау
	1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу

	2.1 Оқу түрлерін қолдану	2.2.1.1 шығарманы дауыстап, дұрыс әрі түсініп, рөлге бөліп, шапшаң әрі мәнерлеп оқу; 2.2.1.2 шығарманы іштей, қажетті ақпараттарды белгілеп оқу
	2.2 Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сұрақтар қою және оның жауабын шығармадан табу
	2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	2.2.3.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді табу
	2.4 Әдеби шығарманың жанрын ажырату	2.2.4.1 ертегі, өтірік өлеңдер, жыр, жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштардың жанрлық ерекшеліктерін ажырата білу
	2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс- әрекетін бағалау
	2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау	2.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдеуіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) практикалық тұрғыдан тану
2. Менің мектебім	2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру	2.2.8.1 мұғалімнің көмегімен сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау; 2.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка, бейнелеу) нұсқасымен салыстыру, сұрақтар қою, алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасау
	2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.9.1 сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгіге, кестеге салу
	3.1 Шығарманың жоспарын құру	2.3.1.1 мұғалімнің көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру
	3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу	2.3.2.1 мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар құрастырып жазу, дайын өлең жолдарын қатыстырып, шумақтар құрастыру, мақал- мәтелдерді

		жалғастырып жазу, жазу дағдыларын жетілдіруде жасанды интеллект құралдарын пайдалану
	3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну	2.3.3.1 мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер пайдаланып, шығармашылық жұмыс жазу
	3.4 Қатені табу және түзету	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзетуде жасанды интеллекті қолдану
2-тоқсан		
3. Менің туған өлкем	1.2 Шығарманы әңгімелеу	2.1.2.1 шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен әңгімелеу, үзіндісін әңгімелеу, сахналау
	1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау	2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау
	1.4 Тыңдарманның назарын аударту	2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, ым-ишара тілдік құралдарды қолдану
	1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу
	2.1 Оқу түрлерін қолдану	2.2.1.1 шығарманы дауыстап, дұрыс әрі түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу; 2.2.1.2 шығарманы іштей, қажетті ақпараттарды белгілеп оқу
4. Жыл мезгілдері	2.2 Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.2.1 мұғалімнің көмегімен сұрақтар қою және оның жауабын шығармадан табу
	2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	2.2.3.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді табу
	2.4 Әдеби шығарманың жанрын ажырату	2.2.4.1 ертегі, өтірік өлеңдер, жыр, жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштардың жанрлық ерекшеліктерін ажырата білу
	2.6 Кейіпкерлердің іс- әрекетін бағалау	2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс- әрекетін бағалау

	2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау	2.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдеуіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) практикалық тұрғыдан тану
	2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру	2.2.8.1 мұғалімнің көмегімен сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау; 2.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка, бейнелеу) нұсқасымен салыстыру, сұрақтар қою, алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасау
